

Мазмұны

КІРІСПЕ	6
1 САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘНІ	
1.1 Салық салу жүйесінің даму тарихы. Әлемдегі қазіргі салықтық жүйелер бағыттары.....	9
1.2 Қазақстан Республикасының салықтық жүйесінің құрылымы.....	14
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОНЫ ДҮНИЕЖҮЗЛІК САЛЫҚПЕН САЛЫСТЫРУ	
2.1 Салықтық қызмет актілерінің құқықтары мен міндеттері.....	17
2.2 Мемлекеттік бюджетті қаржыландырудағы салықтық түсімдердің рөлі.....	21
2.3 Шет елдердегі салықтар.....	26
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ	
3.1 Салықтықтық реформаның бірінші кезеңіндегі Қазақстан Республикасының салық жүйесі (1992-1995 жж. маусым айына дейін).....	43
3.2 Салықтық реформаның екінші кезеңіндегі Қазақстан Республикасының салық жүйесі (1995ж. шілде айынан 2001 жыл аралығы).....	47
3.3 Салықтық реформаның үшінші кезеңі (2001 жылдан қазіргі уақытқа дейін).....	51

ҚОРЫТЫНДЫ	54
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	56

КІРІСПЕ

Салықтық жүйе мемлекеттік биіктің тиімді формаларының бірі болып табылады. Салықтар – бұл мемлекеттік табысының негізгі көзі ғана емес, бұл қоғамның барлық салаларына әсер ететін нарық түріндегі экономиканы басқару жүйесінің әрекеттегі әдісі болып табылады.

Салықтардың жалпы теориясы қаржылық ғылым шегінде өмір сүреді, бұл ғылым білімнің жеке саласы ретінде қалыптасуы 19 ғасырға жатқызылады.

20 ғасырда Дүниежүзілік соғысқа қатысқан мемлекеттердің көбінде қарыз ауырпалдығы білгеіді. Әскери шығындарды жабу үшін елдердегі өкімет басшылары салықтық қойылымдарды жоғарлатуға, жаңа салықтарды енгізу қажет болады. 20 ғасырдың 80 жылдарының екінші жартысында 90 жылдардың басында дүние жүзіндегі дамыған елдер салықтардың жеке түрлері бойынша ставкаларды төмендетуге салықтық заңдылықтың сақталуына бақылау жүйесін күшейтуге және оны бұзушыларға байланысты өкімшілік шараларды және экономикалық санкцияларға қатандатуға бағытталған салықтық реформалар жүргізді.

80 жылдары батыс елдерінде салықтық өзгерістердің табыстылық себебі ғылыми – техникалық прогресті тежеуші салықтық реттеу әдістерін шектеу, содан соң корпорациялар үшін өндірісті ғылыми – техникалық дамудағы жаңа бағыттарға қаражаттарды инвестициялауға салықтық ынталандыру жолын табу болды.

СССР құрамына кіретін кеңестік республикалар сияқты, Қазақстанның қаржылық жүйесі 20 ғасырда жалпы дүниежүзілік даму процесіне қарама қарсы бағытта эволюцияландырды. Ол салықтардан кәсіпорын табысын өкімшілік әдіспен алуға және ресурстарды бюджет арқылы қайта бөлуге көшті. Ақша қаражаттарын толық орталықтандыру және қаржылық мәселелерді шешуде кәсіпорындардың тәуелсіздігінің болмауы шаруашылық басшыларын жеке шешім қабылдаудан және 80-90 жылдары шет елдегі туындаған қаржылық дағдарысқа мүмкіндік берді.

Тәуелсіз Қазақстанның салық жүйесіне 14 жыл болды. Дамыған елдер өздерінің салық жүйесін құруда жіберген қателіктерін қайталауға тарих

бізге аз уақыт қалдырды, сондықтан қазіргі кезде бұл қанды тәжірибені өзіміздің істе қолданып жүрміз.

Бүгінгі күні салық жүйесі – бұл тек қана салықтар тізімі, олардың ставкалары, субъектілері, объектілері ғана емес. Бұл экономикаға әсер етудің күшті тетіктерінің жиынтығы, мемлекеттік бюджеттің тиімді формаларының бірі «Салықтар мемлекеттің өмір сүруін экономикалық сипаттауын бейнелейді» деп К. Маркс әділ көрсетеді. Салықтық жүйенің дұрыс құрылуына, салықтар мен ставкалар үйлесімділігі ұлттық экономиканың жағдайы, яғни Қазақстанның болашағына елеулі әсер етеді. Дипломдық жұбаның таңдалған тақырыбының көкейпестілігі көрсетіледі.

Жұмыстың негізгі мақсаты – қалыптасудың барлық кезеңдеріндегі елдің экономикасы үшін салықтық жүйенің маңызын, оның нарықтық өзгерістерге, экономикалық өсімге инвестицияларды тарту, кәсіпкерлікті дамытуға әсерін және дүниежүзілік салықтық жүйелерге әсерін анықтаумен сипатталады.

Ол үшін келесідегідей міндеттерін қойылады:

1. салықтық жүйе, оның құрылымы, сонымен қатар оның Қазақстан және басқа елдерде (1 бөлім) қалыптасу тарихы арқылы мәнін зерттеу.
2. ұлттық экономиканың қалыптасуының барлық кезеңде салық жүйесінің әсерін анықтау: салықтық реформаның бірінші кезеңі (1992 жылдан 1995 жылдың маусымына дейін); екінші кезең (1999 жылдың шілдесінен 1999 жылдың аяғына дейін); үшінші кезең (2000 жылдан қазіргі уақытқа дейін)(2 бөлім).
3. 2001 жылдың Қазақстан Республикасының Салық кодексі салықтық жүйені жетілдіруге әсерін анықтау.
4. Қазақстан Республикасының салықтық реформаларда шетелдік тәжірибенің қолданылуын анықтау.

Дипломдық жұбаның әдістемелік негізі Қазақстан Республикасының салықтық заңдылықтарының нормативтік актілері, Қазақстандық және шетелдік экономистердің оқулықтары, экономикалық сипаттағы оқулықтар, экономикалық сипаттағы кезеңдік басылымдар болып табылады.

1 САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘНІ

1.1 Салық салудың даму тарихы. Дүниежүзіндегі қазіргі салықтық реформалардың бағыттары

Салықтар – бұл ертеде пайда болған, мемлекетпен алынатын міндетті төлемдер. Тарихта бүгінгі күнде тек қана салықтың жеке түрлері жетті, яғни ертедегі мемлекеттердегі салықтар жиынтығы ретіндегі салық жүйесі туралы толық мағлұматты білмейміз. Салықтың ежелгі түрі – құдайы беру бес кітапта келесідегідей жазылған: «Ағаш жемістері және жердегі тұқымның әрбір ондығына құдай ие». Осыған байланысты салықтың алғашқы ставкасы табыстан 10 %-ы мөлшіт қызметкерлеріне берілді, кейінірек мемлекетпен алынатын салықтар пайда болды.

Салықтарды алудың әдістер мен формаларының дамуында үш ірі кезеңді бөліп көрсетуге болады.

Бірінші кезең – бұл көне әлемнен орта ғасырға дейінгі даму, мемлекеттің салықтарды жинау және анықтау бойынша қаржылық аппараты жоқ. Мемлекет тек қана алғысы келетін қаражаттарын жалпы сомасын ғана анықтайды, ал салық жинауды тайтпаға немесе қалаға жүктейді.

Екінші кезең (XVI – XIX ғасырдың басы) бұл елде мемлекеттік мекемелер жүйесі, оның ішінде қаржылық пайда болу, мемлекет қызметтердің бір бөлігін де мойнына алады: салық салу квотасын белгілейді, салық жинау процесін бақылайды.

Үшінші кезең – қазіргі мемлекет салықты белгілеу және жинау бойынша барлық қызметтерді және салық салудың өңделген тәртіптерінің бәрін өз қолына алады. Еліктің аймақтық ұйымдары мемлекеттің көмекшілік рөлін атқарады.

Алғашқы салықтар «аниқия» (көмек) деп аталатын, уақытша сипатта болды. Сонымен ерте Грекияда еркін азаматтар салықтар төлеген жоқ. Ертедегі Римнің алғашқы өмір сүру кезеңінде бейбітшілік уақытта салықтар

алынған жоқ, бірақ соғыс уақыттарында азаматтар табысына байланысты салықтар енгізілді.

Испанияда орта ғасырларда «Аль-Кабала» деп аталатын салыстың барлық түрлеріне 10 % салық енгізу аудандардың бос қалуына, яғни тонаушылық салықтарды төлегесісі келмеген тұрғындар, негізінен американдық колонияларға кетуіне әкел соқтырды. Батыс Еуропа тұрғындары өздерінің басшылар салатын салықтарын парасатты деп санады. Осы уақытта дұрыс салық саясаты патриотизмді тәрбиелейді. Испанияның Ұлы арнада кемелері Англияға жақындағанда, ағыпшындар испандықтармен соғыста жеңіске жету үшін қаржы жинады, себебі қатаң испандық салық жүйесі енгізілетінін және құлдықта болатындарын білді.

Англия мен Шығыс американдық колониялар арасындағы тәуелсіздік үшін соғыста халықтармен байланысты болды. Англияның американдық колонияларының тұрғындарына қалыптасу кезеңінен салықтық жеңілдіктер жасалған жоқ. Англия өздерінің американдық қол астына қарайтын колония тұрғындарын үнділерден қорғайтын әскерлеріне жағдай жасау мақсатында салықтарды жоғарылату қажет деп шешкенде соғыс басталып, Англия өзінің колонияларын жоғалтты. АҚШ өзінің тәуелсіздігін иеленді.

Қазақстан территориясында салықтар мен салық салудың дамуы өзіндік әдістемелік теориясына ие, бұл мүлкін көшпелі тайпалар көшпелі елдер халықтарға қарағанда меншік, айырбас және ақша формаларын ерте дамытады деген К. Маркстің тұжырымдамасына байланысты ағылшар.

Ертедегі орта ғасырлық (батыс түрік және түркеш қағанаты) мемлекеттің дамуы кезеңінде жеке меншік көрінгісі ретіндегі әскери міндеттілік туралы мәселе жазбаша мәселелерде шектелген. Соған қарамастан негізгі әскери міндеттіліктің бірі соғыстық (басқаша айтқанда «қан салығы») оған байланысты вассальды тайпалардың барлық еркектері – сюзерен тайпасының сұранымына енгізілгені белгілі. Құл-тайпалар бұл вассал-тайпалары, олар сюзерен тайпасынан тері, жүн түрінде алын төлеуге міндетті болды.

Қарағандықтар мемлекетінде маңызды әлеуметтік-саяси институт болып әскери тайпалық жүйе болып табылады. Хандар өздерінің жақындарына, бұрын мемлекетке төленетін, тұрғындардар жиналатын салықтарды иеленуге құқық береді. Бұл жағдай «икта» деп аталып, ал оны ұстанушы араб терминімен «мухта», немесе «иктадар» деп атады. Икта институты Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыстың шаруашылық және саяси өмірінде маңызды роль атқарады. Икта мазмұны және иктадарлардың құқықтарын белгілеу нақты анықталады Низам-Аль-Мульканың «Иктасы бар мухта өзінің заңды салымын ғана жинауы тиіс, ал халыққа байланысты оларға ештеңе бұйрық берілмеген» деген сөзі айтқан (Сиясет-наме Низам-Аль-Мульканың жүзжылдығы XV ғасырдағы өзир басшылығы туралы кітап, Москва, 1949 ж. 34 бет).

Вақфтық жерлерден (мұжыпмандық дін басылардың жерлері) мемлекет пайдасына салықтар алынған жоқ. Отырықшы елдерден сыбағаластық алынды: жиналған алымның салық түріндегі белгілі бір бөлігі.

X-XII ғасырларда юмендақиялар институты кеңінен тарайды: ұсақ меншік иесі жерлерін басқа феодалдар мен шенеуліктердің зарлығынан сақтау мақсатына байларға қамқорлыққа берді, ол үшін белгілі салық мөлшерін төледі.

Салық салуда күрделі өзгерістер моңғол шапқыншылығы кезеңінде жүргізілді: олар бірінші болып орталықтандырылған мемлекеттік билік ұсынысын енгізді, сөйкесінше қазақ даласына да ортақ салық жүйесі енгізілді. Моңғолдар Қазақстан территориясында дифференциалды салықтар жүйесін бекітті: құлшыр-лан үйінің пайдасына салықтар, хардж-отырықшы аудандардың жер салығы, зекет-малдан салық, әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін натуралды сипаттағы тағар салық, азариз-күтілген салық. Шыңғыс хан империясында тұрғындардың басшылығы өздерінің табыстарынан 10% мөлшерінде салық төлеуге мәжбүр болды. Зерттеушілер моңғолдармен белгіленген салықтың 20 түрін есептейді.

Қазақ қоғамының салық жүйесінде салықтың негізгі төлеушілері қарапайым көшпелі малшылар (шаруалар), жермен айналысушылар, қарапайым тұрғындар ұсақ саудагерлер және райаттар болды. Оларға көптеген салықтар мен алымдар төлеу міндеттемесі жүктелді: мал иелерінен - ұшыр, тоғар, баж, қараж.

Қазақстан территориясындағы салық жүйесінің келесі күрделі өзгерісі Ресей империясының қосылу кезеңінде жүргізілді. Территориялық-әкімшілік құрылымда және әлеуметтік-экономикалық дамудағы өзгерістер колониялық империя қажеттіліктеріне жауап беретін жаңа салық жүйесіне қабылдаумен негізделді. Отырықшылық өсімінің қарқынына қарамастан көшпенділер салық төлеушілердің негізгі тобы болып табылды. 1880 жылы олар 90,5 %, ал 1897 жылы -82% құрады. Қазақ тұрғындарынан мемлекеттік салық формасы ретінде күрделі алым болды (Жетісу мен Сырдария отбасында бір күрмеден -2 сом 75 тың, ал дала жерлерінде -3 сом). Бөкей ордасында салық салудың ерекше түрі қалыптастырылды. Мұнда ертеде алынатын зекеттен соғым (натуралды салықтар) – бірлік ақшалай жинаққа-малдан алымға көшірілді. Бұл көшпенділерді малдардан қолма-қол ақшалары бар орыс көпестеріне өсе арзанға сатуға мәжбүр етті.

Салық заңдылығы салықтарды алудың пропорционалды жүйесін әртүрлі топтардың материалдық қамтамасыздығын есепке алып енгізді. Бұл айдың белгіленген саяси сипаттама болды. Кейінірек қазақ әділсіз салық саясаты 1868 жылғы Торғай және Орал облыстарындағы қазақтардың көтерілісінің себептерінің бірі болды.

Қазақстандағы 1918-1920 жылдар кезеңі әскери коммунизм және азық-түлік диктатурасы саясатымен байланысты болды. Бұл саясат арнайы әскери күштермен жүргізіліп, кедей тұрғындардан асырғы азықтары

тартып алынды. Соның нәтижесінде аштық басталды. Мұндай «салықтық ауыртпалық» нәтижесі 1921 жылғы көтеріліс болды.

20-30 жылдардағы Қазақстан тарихы –үздіксіз қорлық тарихы: мал алу, отырқышылыққа көшуге күштеу, репрессия және аштық. Бұш көрсету саясатын іске асыру үшін мемлекет салықтық қарыз-ауыртпалығы Қазақстан ауылдарына түсті. Сонымен, 1927-1928 жылдары ауыл шаруашылық салығының шаруа қожалықтарына есептелген барлық соманың 33% қулақ шаруашылықтарын 4% ғана төледі.

Осы шаруашылық жылында ірі мал шаруашылығының 0,6% мал шаруашылығы салығының барлық сомадан 25% төледі. Дерекядағы бір шаруашылық орташа мөлшерде 239 сом, ал ауылда 323 сом төлеп отырды. Бұдан бөлек «өзіндік салық» деп аталатын, ауыл шаруашылық салығынан 4 есе көп салық енгізілді.

Салық салу нормасынан өсімі әсерінен шаруашылықтардың көп бөлігі қалаға кетті немесе табыс көздерін және қызмет түрлерін ауыстырды. Мал шаруашылығымен айналысушылар салық салу ауыртпалығын көтере алмай шет елдерге қашып кетіп жатты.

Қазақстанның салық жүйесі Совет өкіметінің салық жүйесі құрамында дамыды. Мұнда «дүниежүзіндегі бірінші салықсыз мемлекет» құруды көдегендіктен, салықтық жүйе теориясына жетік көңіл бөлінген жоқ. «Американы адам басына өнім өндіруден озамыз» ұраны бойынша тұрғындар жоғары салықтар төледі. Ауыл шаруашылығы нашарлап, 60 жылдары өндірістік дағдарыс басталды. Ашаршылық қаупін сезгеннен кейін ғана ел басшылары шаруа қожалықтарына салықтарды азайтты.

XX ғасырдың соңында Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып табылды, ел алдында тиімді нарықтық экономиканы құру міндеті тұрды. Реформаларды дамытудың маңызды факторларының бірі салық саясаты болып табылады. Қазақстандық қаржылық ғылым алдында салық және салық салудың күрделі және ауқымды мәселесі, яғни жоғарғы тиімді дамыған салықтық жүйе құру міндеті тұр.

1.2. Қазақстан Республикасының салық жүйесінің құрылымы

Салықтық жүйе-қазіргі кездегі салықтардың ставкасы, төлеушілер, салық салу объектілері тәртібі, шарты, төлем мерзімі, есептелу әдістемесі, сонымен қатар әкімшілік жағдайлардың заңды белгіленген тізімі.

Сонымен қатар салықтар жүйесі –бірлік саясат шегінде, салықтық заңдылық шеңберінде іске асырылатын, бюджетке әртүрлі салық түрлерін және басқа да жан-жақты салықтық құрылым. Қазақстанда шаруашылықтың әлеуметтік және экономикалық негіздерінің қайта құрылысы жағдайында салықтық жүйе мен салықтық саясаттың ролі артуда. Бұл объективті түрде салықтар бұрынғы шаруашылық жүйеде мемлекеттік бюджетке табыстардың пассивті құралы болып табылған, ал

қазір басқарудың маңызды тетіктерінің бірі болып отыр. Көптеген экономистер салықтың фискальдіден басқа экономикалық (реттеушілік) тараушы, бақылаудың және әлеуметтік қызметтерін мойындайды. Сондықтан салықтың жүйе экономикадағы әртүрлі құрылымдарды күшейтуге немесе тежеуге мүмкіндік беретін, жалпымен қабылданған икемді механизм болып табылады. Сонымен қатар бүгінгі күнде салық салу жүйесінің сапасына ұлттық экономиканың дамуы байланысты.

Дамыған салықтық жүйе салудың келесі принциптерін есепке ала отырып құрылуы тиіс:

1) Салықтық ставка деңгейі салық төлеушілердің мүмкіндігін және табысын есепке ала отырып белгіленуі тиіс. Мүмкіндіктер бірдей болмағандықтан, олар үшін дифференциалды ставкалар қарастырылуы қажет. Бірақ одан басқа да ойлар бар. Прогрессивті салықты көп және тиімді жұмыс істейтіндерге салуға болмайды, яғни салықтық жүйе экономиканың дамуына және капиталдық салымдар өсіміне кедергі келтірмеуі тиіс. Сондықтан бұл нәтижені шешу кезінде өндіріске прогрессивті салық салу тиімділігін ескеру қажет.

2) Салық салу бір-ақ сипатта болуы тиіс. Бұл мүмкіндікті еске асыру мысалы ретінде кейбір елдерде салық ҚҚС-на ауыстырылып жаңа құрылған құрылым өндірісіне дейін бір рет қана салық салынады. Соған қарамастан Қазақстанда принцип бұзылуда, себебі ҚҚС салығы объектісіне жаңа құрылымның ақырлар, кедендік баж элементтері кіргізіледі.

3) Салықтарды төлеу міндеттілігі Салықтық жүйе салық төлеушіде жүктеменің күдігін туғызбауы тиіс. Сондықтан салық салу формаларын белгілеу кезінде қарапайым фирмаларды тандаған дұрыс. Сонымен қатар айыппұлдар жүйесіне байланысты елде салықтарды уақытылы төлемеу тиімсіздігі ойлары қалыптасуы қажет.

4) Салықтарды төлеу жүйесі және процедурасы салық төлеуші үшін қарапайым, түсінікті және ыңғайлы, алса салық қызметкерлері үшін тиімді болуы тиіс.

5) Салық жүйесі өзгермелі экономикалық жағдайға тез және икемді бейімделетін болуы тиіс.

6) Салық жүйесі құрылым ЖІӨ-ді қайта болуды қамтамасыз етуді және мемлекеттік экономикалық саясаттың тиімді құралы болуы тиіс.

7) Салық жүйесі жан-жақты болуы қажет.

8) Салық жүйесі салықтың негізгі түрлері бойынша салық ставкаларын басқа елдермен салыстырмалылығын қамтамасыз етуі тиіс. Экономикалық қатынастарда артықшылықтарды қамтамасыз етуі қажет, себебі жоғары ставкалар кезінде инвестицияларды тартуға кедергі жасалынады, ал төмен ставкалар кезінде табыстар капиталды экспорттер-елдердің бюджетіне ауысады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі күрделі құрылымға ие. Ол үш бөлімге тұрады:

Бірінші бөлім. Салықтық қатынастарды реттеудің заңды және нормативті базасы. 1991-1995 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының 10 заңы боды, олардың ішінде негізгілерінің бірі «Қазақстан Салық жүйесі туралы» заңы. 1995 жылдан 2001 жыл аралығында салық қатынастарын «бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы реттейді. 2001 жылдың 1 шілдесінен Қазақстан Республикасы жаңа Салық Кодексі күшіне енді. Осыдан көрінетіндей, салық заңдылығы әмбебаптауға ұмтыла отырып заңдардың, нормативті актілер, нұсқаулар санын азайтуға тырысады.

Екінші бөлім. Салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді жинаушы ұйымдар. 1995 жылдан бастап, салықтарды алу бойынша қызмет Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігіне беріліп, құрамына Қазақстан Республикасы Салық комитеті және Қазақстан Республикасы салық полициясының комитеті енгізілді. Кейінірек бұл қызметтер Қазақстан Республикасы табыстар Министрлігіне беріліп, құрамына Қазақстан Республикасының салық комитеті және салық полициясы (2001 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы деп өзгертілді).

Үшінші бөлім. Салықтарды сүру әдістері мен формалары. Салық түрлері және бюджетке болса да міндетті төлемдер.

Өзіміздің тәжірибе болмаған жағдайда біз батыс елдер деңгейіндегі өңделген салық жүйелерін құру әдістерін қолданамыз.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОНЫ ӘЛЕМДІК САЛЫСТЫРУ

2.1. Салық қызмет ұйымдарының құрылымы мен міндеттері

Салық қызметінің міндеттері келесілерден тұрады:

1) Салық қызметінің ұйымдарына салықтарды және бюджетке басқа міндетті төлемдердің түсімінің толықтығын қамтамасыз ету, міндетті зейнетақылық төлемдерді уақытылы және толық аудару, сонымен қатар салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауда салықтық бақылау жүргізу бойынша міндеттер крйылады.

2) Салық қызметінің ұйымдары өкілетті мемлекеттік ұйымнан және салық ұйымдарынан құралады.

3) Салық ұйымдарына аймақтық салық комитеттері, облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша салық комитеттері, аудан аралық салық комитеттері жатады. Арнайы экономикалық аймақ құрылған жағдайда осы аймақ территорияларында салық комитеттері құрылуы мүмкін.

4) Салық органдары тікелей сәйкес жоғары тұрған салық қызметі органына бағынады және жергілікті ұйымдарға жатқызылмайды.

5) Әкілетті мемлекеттік ұйым салық ұйымдарына басшылық жасайды.

6) Салық ұйымдарының басшылары әкілетті мемлекеттік ұйымның бірінші басшысымен тағайындалады.

Салық қызметінің ұйымдарының құқықтары:

1) Кодекспен қарастырылған нормативтік құқықтық актілерді өңдеу және бекіту;

2) Салықтық міндеттемелердің пайда болуы, орындалуы және тоқтатылуы бойынша мағлұматтар және түсіндірмелер беруге;

3) Кодекспен бекітілген тәртіпте салықтық бақылауды іске асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңды актілерімен белгіленген тәртіптерді

сақтай отырып салық төлеушінің салықтық міндеттемелерді орындаумен байланысты декларациялар және басқа құжаттарды, есеп берулерді, құнды қағаздарды, ақша қаражаттардың, металдарды, бухгалтерлік кітаптарды, ақшалай құжаттардың тексерісін жүргізуге;

5) Салық төлеушінің салық және бюджетке басқа міндетті төлемдерді есептеу және төлеу (ұстап қалу және аудару) бойынша әкілетті мемлекеттік ұйымдары белгіленген формаларға сәйкестігін, сонымен қатар салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді есептеу дұрыстығын және уақытында төлемін растайтын құжаттары талап етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңды актілерімен белгіленген тәртіпке салық тексерістерін жүргізу кезінде салық төлеушіден салықтық құқық бұзушылықты растайтын құжаттарды талап етуге;

7) Орналасу жеріне байланысты салық салумен байланысты табыс алу мақсатында кез-келген объектілерді зерттеуге, салық төлеушінің мүлкіне тексеріс жүргізуге;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тізім бойынша салық төлеушіден әкілетті мемлекеттік органмен анықталған тәртіпке электронды құжаттар түрінде мағлұмат алуға;

9) Тексерілетін салық төлеуші – заңды тұлға немесе жеке кәсіпкердің салық салумен байланысты мәселелер бойынша банктік шоттардың бар болуын және номерін Қазақстан Республикасының заңды актілерімен белгіленген талаптарды сақтай отырып, осы шарттардағы ақша қаражаттарының қозғалысы және қалдығы жөніндегі мәліметтерді тексеру.

10) Кодекстің ерекше бөлімінен қарастырылған жағдайларда салық төлеушінің салық міндеттемесін жаңама әдіспен анықтау;

11) Салықтық тексерістерге басқа мемлекеттік ұйымдардың мамандарын тартуға;

12) Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес сотқа шағым жасауға;

13) Сотқа заңды тұлғаны жою жөнінде бұйрық беруге;

Салық қызметі ұйымдарының міндеттері:

1. Салық төлеушінің құқықтарын сақтауға;
2. Мемлекет қызығушылықтарын қорғауға, яғни салық төлеушінің салықтық міндеттемелерді орындауға салықтық бақылау жасауға, сонымен қатар жиназ зейнетақы қорларын міндетті зейнетақы төлемдерін ұстауға және уақытша аударуға; белгіленген тәртіпке салық төлеушілердің есебін, салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілердің есебін, салық есептелуін және төленуінің есебін енгізуге;
3. Қабылданған салықтық есеп берудің формаларын толтыру тәртібін түсіндіруге;
4. Салықтық тексерістердің қатаң тәртіп бойынша жүргізуге;
5. Кодекс талаптарына сәйкес салықтық құпияны сақтауға;
6. Салық төлеушіге салықтық міндеттемені уақытша орындау бойынша және кодекспен қарастырылған жағдайларда ескертпе жасау;
7. Салық төлеушінің өтініші бойынша үш күн мерзімі ішінде салық міндеттемелерін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу жағдайы туралы оның есеп айырысу шотынан көшірме беруге;
8. Бес жыл мерзімі бойы салық және бюджетке басқа төлемдер төлеу бойынша салықтық міндеттемелерді орындау фактын растайтын салық төлеушіге берілетін қысқартылған көшірмелерінің сақтығын қамтамасыз етуге;
9. Мемлекет пеншіпгіне берілген мүлктің есебін сақталуын, бағалануын және өткізілуін тәртібін сақтауға, сонымен қатар оны өткізуден ақшалар бюджетке уақытша және толық түсуіне бақылау жасау;
10. Салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету әдістерін қолдану және Кодекске сәйкес еріксіз тәртіпке салық бойынша қаржыны алу;
11. Әкімшілік құқық бұзу туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес салық төлеушіге әкімшілік салықтар салу.

Салықтар тексеріс кезінде салықтардан және бюджетке басқа міндетті төлемдерден жалғару анықталған жағдайда салық ұйымдары сәйкес құқық қорғаушы ұйымдарға қысымыстық белгілері бар сәйкес материалдарды жалаң, Қазақстан Республикасының заңды актілеріне сәйкес процессуалды шешім қабылдауды талап етеді.

Салықтық қызмет ұйымдары, сонымен қатар Қазақстан Республикасының салық заңдылығымен қарастырылған басқа да міндеттемелді орындайды.

Салық заңнамасы Салық кодексінен және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекеттік кіріс министрлігінің нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік кіріс министрлігінің нормативтік құқықтық актілері қабылданатын мәселелер шеңбері де Салық кодексімен анық айқындалған.

Алайда, салық құқық қатынастары саласындағы барлық мәселелерді реттеуді қамтитын біртұтас нормативтік акті – Салық кодексін әзірлеу жөніндегі міндет мүлкін болмады, өйткені жариялану құқығындағы құқық

теориясына, оның ішінде салық құқық қатынастарына сәйкес құқықтық қатынастарды реттеу салық төлеушінің мемлекет алдындағы салық міндеттемесін орындаумен байланысты барлық рәсімдік сәттерді жіктел реттеуді талап етеді. Мәселен, салық міндеттемесін орындаудың осындай нысандары декларациялар, есеп айырысулар және салықтық есеп берудің басқа да нысандары болып табылады. Құқық теориясы бойынша заң актісіне жататын салық кодексі, яғни осы заңды іс-әрекетті реттеуі тиіс қоғамдық қатынастар қатынасшыларының құқықтары мен міндеттері құқық нормасын ғана белгілеуі тиіс. Декларациялар, есеп айырысулар нысандарын және салық есеп берулерінің басқа да нысандарын бекіту құқық нормасын белгілеу деп атауға болмайды, сондай-ақ сол уақытты олардың нысандарын бекіту мемлекет үшін де салық төлеуші үшін де міндетті болып табылады. Сондықтан салық кодексі Үкімет пен уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерді бекітуін көздейді. Мәселен, салық есеп беруі нысандарын бекіту уәкілеттілік мемлекеттік органға берілген. Әдетте, салық есеп берушінің аталған нормалары уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің бұйрығымен бекітіледі. Осындай жолмен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен уәкілетті нормативтік құқықтық актілері салық заңдарының құрамына енгізіледі.

Салық кодексі Салық кодексіне тікелей көрсетілген тек сол нормативтік құқықтық актілерді ғана бекітуді болмайды. Егер Үкімет немесе уәкілетті орган Салық кодексінде жоқ қандай да бір нысанды немесе нормативтік құқықтық актіні белгілемесе, онда мұндай нысандар немесе нормативтік құқықтық актілердің салық төлеушілер үшін міндетті мәні болмайды.

2.3. Мемлекеттік бюджетті қаржыландырудағы салықтық түсімдердің ролі

Шаруашылықтың нарықтың негізі жалпы өндірісті басқаруда экономикалық әдістерді қолдануды талап етеді, яғни бюджет түсімдерінің табыс жүйесі түбірімен өзгерт – ол салықтық төлемдер жүйесінен құралады, кәсіпорын мен бюджет арақатынасы құқықтық негізде заңмен реттеледі.

Бүгінгі күні шаруашылықтың нарықтық бастамасының салықтық жүйесі кәсіпкерліктің дамуына және төмен жалақы алатын тұрғындардың әлеуметтік қолдауына кедергі жасау жолында қызмет етеді. Салықтық жүйені іске асырудағы басты қағидалар қатарына жататындар:

1. Тікелей және жанама салықтардың үйлесімділігі, оның әртүрлі түрлерін қолдану, бұл салық төлеушінің мүлдік жағдайы мен алатын табысын санау мақсатында. Экономика дағдарыстық жағдай кезеңі туындағанда бюджет толтыру үшін сәйкесінше төменгі ставкамен және салық салынатын базаның кеңбігімен қаражат тарту көздері болу тиімді.

2. Салық салынуудың әлбебаптылығы, біріншіден шаруашылықтың қандай да болмасын ұйымдын – құқықтық жағдайына қарамастан шаруашылығын тиімді жүргізуі үшін барлық тәлеушілерге бірдей талаптар қойылуы, екіншіден салық төлеу кезінде табыс көзіне, шаруашылық кешеніне, экономикалық саласына қарамастан бірдей болуы;

3. Белгілі бір объектіге заңмен белгіленген кезеңде салықтың бір ғана түрімен алынды;

4. Салық салыну үлесі негізіндегі оның нақты ставкалық мөлшерін анықтауға ғылыми жағынан қарастырылуы, яғни субъектінің салық төлеуге табысының болуы оның қалыпта өмір сүруін қамтамасыз ету;

5. Табыс деңгейіне байланысты салық салушы ставкасының дифференциясы;

6. Ұзақ кезеу бойында қызмет ететін салық салыну ставкасының бірқалыптылығы және төлем аударуының қарапайымдылығы;

7. Салықтың жеңілдіктер жүйесін қолдану, олар кәсіпкерлік құралдарды инвестициялайтын процестерді ынталандыруы және әлеуметтік теңдікті қалыптастыру қағидасын, сонымен қатар азаматтардың күнелту міндетінің қалыптасуын қамтамасыз етуі;

Салықтың мемлекеттік басқару деңгейінде Бөлу: орталық және жергілікті салықтар. Бұл жағдайдың артықшылығы экономикалық процесті макродеңгейде реттеуде салықты қолданудың өзіндік тұжырымдаманы шығаруы болып табылады. Салықтың саясатпен және кәсіпкерліктің қаржылық жағдайы мемлекеттік реттеудің негізгі құралы болып табылады. Мемлекет келесідей негізгі мақсаттарды көздейді:

- А) экономиканың тұрақты өсу қарқынына жету;
- Б) негізгі тауарлар мен қызметтер бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- В) еңбекке жарамды тұрғындардың жұмыспен қамтылуына жету;
- Г) тұрғындардың табысының белгілі бір міндеталды деңгейін қамту;
- Д) азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесін құру, біріншіден зейнеткерлерді, мүгедектерді және көп балаларды;
- Е) сыртқы экономикалық қызметтегі тұрақтылық.

Бұл мақсаттардың барлығына қол жеткізу мүмкін емес, егер баға өсе бастаса, оларды шектеуге және реттеуге шаралар жүргізу қажет. Бірақ базаларды шектеу экономикалық өсуді тежеп, жұмысбастылықты төмендетеді. Толық жұмысбастылыққа жететін болса, базалар жоғарылайды, сондықтан халықтың көп бөлігінің еңбекақысын жоғарлату керек, одан еңбек нарығындағы бәсекелестік төмендейді. Теутерім қатынасын табу – мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды белгісі болып табылады.

Нарықтың шаруашылыққа тән экономикалық жүйелілік көмегімен салық алу, несиелендіру, инвестициялау, мемлекет жалпы қажеттіліктерді қанағаттандыратын шаруашылық қызметін жүзеге асырады.

Салықтар мен жинақтар жүйесі тек фискалды қызмет қана емес, жалпы өндіріске экономикалық әсер механизміне, оның құрылымы мен динамикасына, ғылыми техникалық прогрестің тез қарқынды дамуына әсер етеді. 2004 жылы мынадай жағымды тенденциялар күтілуде, оның себебі болып: КҚС ставкасы 16 %-дан 15-ке төмендетілді, әлеуметтік салықтың ставкасының 20 %-ға дейін төмендетілуі, мұнда салық дифференциалдық шкала бойынша салынатын база ұлғайған сайын ставка түсе бастайды. Салықпен жұмыс қаруының ынталандыруға немесе керісінше шектеуге, белгілі бір кәсіпкерлік саланың қызметінің дамуына әсер етеді. Және кәсіпорының өндірістегі айналым шығындарын төмендетуге алғы шарт құруға болады, ұлттық кәсіпорындардың әлемдік нарықта бәсекеге қабілетін жоғарылату болып табылады. Салық көмегімен протекциондық экономикалық саясат құру немесе тауарлық нарыққа бостандық қамтамасыз ету болып табылады. Салықтар мемлекеттік бюджеттің негізгі табыстарының бөлігі, ол экономикаға шығындар бойынша қаржылық әсер беруге мүмкіндік көрсетеді.

Мемлекеттің кеңейтілген ұдайы өндіріс процесіне қаржылық бюджеттік әсерінің негізгі бағыттары келесілер:

Біріншіден, кәсіпорындарды тікелей дотация немесе қайтарылатын несие беру арқылы субсидиялау;

Екіншіден, экономикаға мемлекеттік инвестициялау;

Үшіншіден, мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы тауарлар мен қызметтердің негізгі бөлігін дамыту, демек мемлекет нарықта тауарлардың ірі тұтынушысы болып табылады;

Төртіншіден, жергілікті салықтар мен салықтық жеңілдіктерді қосқандағы салықтық реттеулер.

Мұны жергілікті басқару органдары жанама көмек түрінде толықтырып отырады. Бұған сату бағасы кезінде немесе жер бөлігі мен ғимаратты сатып алғандағы немесе жалдағандағы аяқсідік төлемдерге жеңілдік көрсету, несиелік қамтумен, көпшілік қорларға қатысумен, өндірістік аймақ құруға көмек көрсету болып табылады. Әдетте өндірістік аймақтағы территориялар мен ғимараттар кәсіпорына тек қолайсыз қаржылық жағдайда ұсынылады. Онда жиі-жиі жергілікті шоттан шаруашылық қызметтің жаңа түрін дамыту мақсатында арнайы өндірістік ғимарат құрылысын жүзеге асырады. өрне ынталандыру шаралары үшін жергілікті салықтардан тұрақты немесе уақытша босату болып табылады.

Мемлекеттік және жергілікті өкіметтен экономикалық инфрақұрылымға қомақты ақша қаражаттарын тарту жүзеге асырылуда. Бұл салықтар табыс табуға бағытталмаған, бірақ жанама түрде және капитал табысының жоғарылауына әсер етеді. Шығындар ең алдымен құрылыс пен иеліктік қолдану техникасын қамтуға, байланыс желілеріне, өндірістің сумен қамту жүйесіне, тазарту үйлестіреттеріне, жер аумағын өндірістік құрылысқа дайындау болып табылады.

Дамыған елдердің салықтық саясаты жекеменшік капиталды тартуға бағытталған. Салықтық жеңілдіктердің ынталандыру әсерін кәсіпкерлік қызметті жанама түрде субсидиялық нысанында қарастыру қажет.

Экономиканы дамытудағы салықтың әсері тек ынталандыру үшін емес, тұрақтандыру үшін де қажет. Бұл қажеттілік өндірістің жоғары концентрациясы мен тұрғындары бар аудандардың дамуын реттеуге мүмкіндік туғызады. Тұрғындардың шамадан тыс концентрациясы мен шаруашылық қарқындылығы қоршаған табиғи ортаға, халық тұрғындарына, ресурспен қамтамасыз етілуіне және басқа да мәселелердің көбеюіне әкел соғады. Шаралар мазмұнын негізінде мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының шаралары жағынан кәсіпкерлік қызметке қосымша салық салу немесе лицензиялау болып табылады. Мысалы, қосымша салық салу Нидерланды, Жапония тәжірибесінде қолданылады. Тұрақтандыру салықтары Германияда, лицензиялау бағыты Ұлыбританияда, Францияда, Италияда қолданылады. Мұнымен лицензиялауды жергілікті қосымша салық – лицензиялық жинақ түрінде қарастыруға болады. Жапонияда мәселелер негізінен жер салығының ставкасын өзгерту арқылы шешеді. Салықтың сол немесе басқа нысандарда көтерілу тиімділігі мен сенімділігі өте «ыстық» конъюнктураны ұстау үшін қажет. Басқа әдісі – салықтық жеңілдіктерді алып тастау.

Салықтық механизмді қолдану тиімділігі мемлекеттің ішкі салықтарының мәні, олардың қозғалу заңдылықтарын, қарама-қайшылықтарын ескеруге байланысты. Мемлекет салықтық саясатты өзгерте отырып, экономикалық дамуды ынталандыруға немесе тежеуге мүмкіндігі бар.

Салықтық реттеулер еліміздің экономикасын, өндіріс құрылымын, капитал жинаған, жеке тұтынушылықты қамтиды, яғни салықтық шаралар базистік қатынасты құрудың әмбебап құралы болып табылады.

Реттеудің басты бағыты – кәсіпорын мен кәсіпкерлердің сыртқы және ішкі қызметтерінің жалпы салықтық климатын құру және артықшылығы бар салалық бағыттардағы қаржылық ресурстар қозғалысына салықтың ынталандырумен жағдай жасау болып табылады. Теория жағынан салықтық реттеу кең ауқымды болуы мүмкін, бірақ өндіріс процесі салықтық механизм көрсеткендей бағыттарда дамымайды.

Нарықтың экономикада салықты теңбе-тең қолдануға ұмтылу керек. Мұндай концепция салықтық саясатта ұзақ уақытты күресті қарастырады немесе салық салу мәселері жиі өзгеріп тұратын болса, ол салық төлеушінің экономикалық мүдделеріне әсер етеді. Қозғалыс әлеуметтік-экономикалық дамуының өзгеруі салық реформасының өткізілу себебі болып табылады. Сондықтан мемлекеттің салықтық саясаты еліміздің экономикасы мен әлеуметтік кешенмен байланысты, әрбір салықтық реформаның негізгі қағидасы тұрақты салықтық жүйені құру болып табылады. Бірақ салықтық реформаның жеткен деңгей бағыттары этаптарында өзгеріп отыруы мүмкін, одан нақты шешілетін мәселе жойылады.

2.3 Шет елдердің салықтары

Батыс Еуропалық елдердің салық жүйесі өзара әріптес. Бірақ 80 жылдардың аяғынан тасмал жүргізіліп келе жатқан салықтық реформалар оларды жақындатады. Экономикалық бірігу қарқыны жалпыхалық шаруашылық байланыстардың кеңеюі бұл процеске әсер етеді. Көптеген елдерде салық жүйесі үш деңгейлік сипатқа ие. Әрбір елдің өзіндік ерекшеліктері бар, оларды қолдануға немесе анықталған қателіктерді жібермеу мақсаттарында ескеру қажет.

Қазіргі салықтық реформаның негізгі бағыттарын және себептерін қарастырайық. Салық жүйесінің қазіргі үлгісінің негізгі принциптері және оны нарықты экономика көмегімен реттеу 70 жылдардың аяғынан басталды. Ол кездерде индустралды дамыған елдерде мемлекеттік реттеу әдістеріне өзгеріс енгізілді: экономикалық салаға мемлекеттік араласуға және оның материалдық негізі – мемлекеттік қаржыларға шек қойылды. Бәсекелестік қатынастарды ынталандыру және шаруашылық қызметті нарықтық реттеу механизмдері артықшылыққа ие болды. Бұндай өзгеріс салықтық реформалар бағдарламасына бастапқыда енгізілген деп айтуға болмайды. Салықтық реттеу салықтыңдағы бағыттар қателіктер және тәжірибе арқылы өңделді.

Америка Құрама Штатының салық жүйесі.

Америка Құрама Штатының салық жүйесі 200 жыл қолданылуда және нарықтық қатынастардың дамуына ықпалын тигізеді. Ол фискальді, яғни федералды бюджетті, штат бюджетін және жергілікті бюджетті табыстармен қамтамасыз ету мәселесін ғана шешпейді. Салықтар мұнда экономиканы реттеу және дамыту құралы ретінде қолданылады. Америка мемлекетінің экономикалық саясатын еткізуде бюджеттік қаржыларды қалыптастыруды және ызығалысын қамтамасыз етеді. АҚШ қаржылық жүйесіндегі негізгі звено федералды өкіметтің бюджеттік механизмі құрайды. Ірі немесе тұрақты түсімдер беретін салықтар федералды бюджетке жіберіледі. Оның үлесіне шамамен табыстар мен шығындардың 70% келеді.

Бірақ, басқарманың жергілікті ұйымдары қаржылық ресурстардың меншік көздеріне ие, бірінші кезекте, жергілікті салықтар есебінен қаржыландырылады. Соңғы жылдары көптеген Батыс Еуропалық елдердегі сияқты АҚШ-та да басқарудың қаржылық жергілікті ұйымдарының көлемінің өсімі, қаражаттардың қаржылық сала арқылы іске асырылуының жалпы саладағы үлес салмағының артуы байқалады. Жергілікті қаражаттарға шығындардың көп бөлігі жатқызылады. Мемлекет есебінен әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау, жол құрылысы, полициялық аппаратты қамтамасыз етудің үлес салмағы 70-тен 90 % дейін, ал табиғи ресурстарды сақтау, азаматтық және тұрғын үй құрылыстарының 40% қаржыландырылады.

Федералды табыстарда тікелей салықтардың маңызы жоғары. Штаттар мен жергілікті басқару ұйымдарының табыстары жанама салықтар және мүлкіктік салық салу есебінен қалыптастырылады.

АҚШ-тың федералды бюджетінің табыстарының ірі маңызды тобын тұрғындардың табыс салығы құрайды. АҚШ-тың табыс салығының ставкаларының кезеңдерін зерттейік. 1981-1983 жылдардағы салық реформасы күтілген тиімділікті берген жоқ. Сонда, тәжірибеде экономикалық тиімді және қарапайым көмектеседі делінген Лаффер ілімі қолданылды. АҚШ президенті Р.Рейганның өкімшілігі салықтарды азайтып нәтижесінде бюджетке түсімдер ұлғаяды деп үміттенеді. Алайда П.Самуэльсон атап көрсеткендей Лаффер қисығы бойынша салық деген болжамы қате болды. Федералды табыстар жалпы трендке байланысты төмендеді, ал Федералды бюджет 1983 жылдан кейін 200 млрд. А.Ш.С. долларында дефицитке жетті.

Фискалді жүйенің қайта өзгерісі жақсы нәтижелері 1986 жылғы салық жүйесінің реформасынан кейін көріне бастады. 1986 жылғы реформа бойынша 5 ставка енгізілді: алынатын табыс және салық төлеушінің жанұялық жағдайына байланысты 11,15,28,35 және 38,5%.

Сонымен табысқа салық салуды дамытудың негізгі бағыттары салық салынбайтын міндеттілікті қарапайымдандыруға әкеледі. Бірақ ол салықтық жеңілдіктердің санын азайтады.

Жергілікті салықтар өзіндік жеке роль атқарады, Ресей мен Германияға қарағанда жергілікті бюджеттің негізгі табыс бөлігі болып табылады. Соған қарамастан ірі өкіметтік субсидияларыз қаланың дамуы қиын. Субсидия, субвенция және дотациялар арқылы федералды үкімет қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді әсер ете алады.

АҚШ-та салықтар төлеміне бақылауды орталық аппараттан басқа құрамында 7 аймақтық салық басқармалары және 58 салық басқармасы бар Қаржы министрлігін ішкі табыстар қызметі жүзеге асырады. Салықты төлеу міндеттемелігі, Ресейдегі сияқты толық төлеушілерге жүктеледі. Корпорациялар жыл сайын салық декларациясын толтырады. Жеке тұлға жылына бір рет салық декларациясына – оның алатын табыс түрлері туралы арнайы өтініш толтырады.

Барлық салықтық декларацияларға камералдық тексеріс жүргізіледі. Салықты уақытылы төлемей немесе салық декларациясын уақытылы тапсырмау сияқты тәртіп бұзушылыққа азаматтық сипаттағы айыппұл салынады.

Ұлыбританияның салық жүйесі.

Ұлыбританияның салық жүйесі негізінен XIX ғасырда қалыптасты, бірақ ол да өзгерістерге ұшырады. Ұлыбританияда салықтық реформаның табысты жүргізілуі 1979 жылдан 1990 жылдар аралығын қамтыды. Ұлыбританияның салық жүйесі екі сатылы жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтардан құралады. Ұлыбританияның мемлекеттік бюджетке

тікелей салықтардың көзін 1799 жылы енгізілген тұрғындардың табыс салығы құрайды. Ұлыбританияда табыс көзіне байланысты табыстарды бөліктерге (шедуларға) бөлуді сыпаттайтын табыс салығы құрылымын шедуланы формасы қабылданған, мұнда әрбір ереже тәртіппен жүргізіледі. Табыстарды мұндай бөлу «табыс көзін табу» мақсатын көздейді. Ұлыбританияда 6 шедула түрі қолданылады.

А Шедуласы мүлікпен табыстар: жерге меншік, ғимараттар мен құрылыстар, жалға берілетін үйлер мен пәтерлер.

В Шедуласы –коммерциялық мақсатта қолданылатын ормандық массивтерден табыс.

С Шедуласы - өндірістік коммерциялық қызметтен табыс. Бұл шедулаға табыстардың әртүрі кіреді. Сондықтан ол алты бөлікке бөлінген:

Бірінші бөлігі, сауда немесе іскерлік операциялардан (бизнес) алынатын табыс, мысалы, дүкен иесінің пайдасы;

Екінші бөлігі, мамандандырылған қызмет нәтижелерінде алынатын табыс, мысалы, дәрігер немесе адвокат пайдасы;

Үшінші бөлігі, салық салуға жататын пайыздар немесе алыпөнімдер;

Төртінші бөлігі Е шедуалына кірмейтін шет елдегі құнды қағаздардан табыс.

Бесінші бөлігі, шет елдегі мүлікпен табыс;

Алтыншы бөлігі, жоғарыда көрсетілмеген табыстардың барлығы (мысалы гонорар) Е шедуласы – еңбекақы, зейнетақы және басқа да еңбектік табыстар. F шедуласы – Ұлыбританиялық компаниямен жүргізілетін дивидендтер және басқа да төлемдерден тұрады.

Табыс салығы заңмен рұқсат етілген жеңілдіктерді алып тастағандағы жылдық жиынтық табыстан ұсталынады. Бұл еңбекпен тапқан және инвестициялық болып бөлінеді.

Еңбекақидан табыс салығы ұстаз несінен алынады. Бұл кезде тек қана еңбекақы табысымен өмір сүретін тұлғаларға салық декларациясын толтыру қажет емес. Басқа жағдайларда табыстарға салық салу салық төлеушінің заңмен белгіленген мерзімде тапсыратын салық декларациясы негізінде жүргізіледі.

Қазіргі британдық табыс салығының ұйымы 1965-1973 жылдардағы реформалар негізінде қабыптасты. 1965 жылға дейін табыс салығын жеке және заңды тұлғаларда тұлғалар, оның ішінде корпорациялар да төледі. Корпорациялардың табысына жеке салық енгізілумен бұл саланың іс-әрекеті азаматтардың жеке табысына дейін қысқартылады. Табыс салығына күрделі өзгерістер 1973 жылғы реформасымен енгізіледі. Оның нәтижесінде еңбектен тапқан және инвестициялық табыстар ставкаларының жалпы шкаласымен есептелінетін болды.Бұл салықты алу техникасын қарапайымдандырады, сонымен қатар қазіргі уақытта жеңілдіктерді есептеу үшін қолданылатын шедулардың мақсатын түбегейлі өзгертті. Олардың ішінде жеке жеңілдік және қосымша

жанұялық жеңілдіктер маңызды болып табылады. Жеке және жанұялық жеңілдіктердің мөлшері бөлшек баға өсімін есепке ала отырып, әрбір қаржылық жылда қайта қаралып отырады. Қазіргі уақытта Ұлыбританияда жеке жеңілдік 3445 фунт стерлинг мөлшерінде белгіленген.

Салық салудың либерализациясының жалпы бағыты және Ұлыбритания мен АҚШ -тағы табыс салығының ставкаларын төмендету басқа елдерде ұқсас іс-әрекеттер туғызады. Әйтпесе оларға қордың сақталуын капиталдың ағымымен төлеуге сақталуын капиталдың ағымымен төлеуге тура келер еді. АҚШ-ғы салықтық реформалардың сәтті өткізілуі байқалды.

Францияның салық жүйесі

Францияның салық жүйесі Қазақстан Республикасында негізгі жаңа салық болып табылатын қосылған құн салығы осы елде өңделіп, енгізілуімен ерекшеленеді. Францияда алынатын салықтарды үш негізгі топқа бөліп қарастыруға болады: табыс салығы, тұтынуға салық; бюджеттік жүйенің негізгі звеносы қосылған құн салығы болып табылады. Қосылған құнға салық төлеу өткізілетін келісім-шарттық сипатымен анықталады. Бұл кезде салық төлеушінің қаржылық жағдайы есепке алынбайды.

Францияда қосылған құнға салықтың ставкалары қолданылады:

Бірінші ставка - қазіргі уақытта салықтың негізгі ставкасы 18,6% тең.

Екінші ставка – жоғарыланатын ставка -22% тауарлардың келесі түрлерінде қолданылады: автомобильтер кинфототауарлар, ішімдік, темекі бұйымдары.

Үшінші ставка – төмендетілген ставка -7% мәдени күнделікті тұрмыс тауарларына, оның ішінде кітаптарға белгіленген.

